

Казахстана две с половиной тысячи лет назад. По сюжету, царица Томирис, возглавляя армию племен саков-массагетов, защищает свои земли от завоевания персидским царем Киром.

Список литературы:

1. ru.m.wikipedia.org.
2. nur.kz.
3. tarih-begalinka.kz.

АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (АВТОРЛАРДЫҢ АҢШЫЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ РЕКОНСТРУКЦИЯСЫ)

Мағди М., Қыдыргелді Қ.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Муратова М.Б.

Электрондық адресі: magdimoldirserikkyzy01@gmail.com

Қарағанды қ.

Алғашқы қауымдық құрылыс - адам баласының даму жолындағы ең ұзақ кезең. Адам баласының даму жолындағы көптеген сатылары, соның ішіндегі қазіргі заманның өзі алғашқы қауымдық құрылысты басынан өткізді. Мысалы, адам баласының баспанасы, киім - кешегі, егіншілік пен мал шаруашылығының бастау алуы, қоғамдық еңбек бөліністер, неке және жанұя, білім, өнер, діни наным - сенімнің пайда болуы, яғни материалдың мәдениетінің қалыптасуының, әлеуметтік нормалардың бір жүйеге келуінің және идеологияның қалыптасуының бір шыққан қайнар көзі, негізі бар. Міне, алғашқы қауымдық құрылыс тарихы, жоғарыда аталған қоғамдағы өзгерістердің барлығының шығу тарихын қамтиды. Алғашқы қауымдық құрылыстың тарихының негізгі проблемасы, жер бетінде адам баласының пайда болу проблемасы, адам баласы эволюциялық жолмен дамыды ма, әлде құдайдың жаратуымен пайда болды ма деген сұрақтарға жауап іздейді. Алғашқы қауымдық құрылыс тарихы адамдардың нәсілі қалай пайда болды, коллективтік өмір дегеніміз не, жеке меншік неліктен және қашан пайда болды, мемлекет неліктен пайда болды деген сұрақтарға жауап береді [1, 6 б.].

Ежелгі дәуірдің өзінде-ақ адамның пайда болуы туралы әңгімелер немесе мәдени тарихи аңыздар пайда бола бастады. Адамның шығу тегін дұрыс түсіндіре алмай, алғашқы адамдар барлығын құдайдан немесе бір аңыздық батырдың ықпалынан деп ұқты. Мысалы: полинезиялық аңыздарда Мауи батыр туралы әңгімелегенде, ол адамдарға жер асты патшалығынан от алып берді, күнді адамдарға дұрыс түсіруге мәжбүр етті, мұхиттардан бірнеше аралдарды шығарды дейді. Чукчалардың ертедегі аңыздарына сүйенсек, онда құдай адамдарды нерп сүйектерінен жасалған дейді. Бұл адамдар басында ештеңе істей алмаған, тіпті отыруға қорқып, ылғи тұрып жүрген. Бәрін құдай берген, бұғыны тамақ үшін жасаса, адамдарды теріден киім киюге үйреткен. Осындай діни фантастикалық аңыздар ертедегі құлиеленуші мемлекеттерде де болған. Б.э.д. XIII ғасырда өмір сүрген грек ақыны Гесиод өзінің «Еңбектер мен күндер» деген поэмасында адамзат қоғамының негізгі даму кезеңдерін көрсетіп, сол кезеңдерге сипаттама беруге тырысты. Адамзат өмірінде ол бес кезеңді көрсетеді: алтын, күміс, мыс, батырлық және темір [2, 16 б.] Алғашқы қоғамды көрсете отырып Гесиод алтын кезеңнің адамдары ешқандай қиындықсыз табиғаттан, бар керегін алып бақытты өмір сүрді дейді.

Ерте замандағы ғалым материалистер адам өмірін басқаша түрде елестетті. Олардың өкілі грек философы Демокрит (б.э.д. 460-370ж.ж), ол батыл түрде әлемді құдайлар жаратқан жоқ, ол шексіз атом алмасу нәтижесінде пайда болды дейді. Оның еңбектерінің бізге жеткен үзінділерінен Демокриттің алғашқы адамдардың өмірінің қандай ауыр болғанын түсіндіргенін көреміз. «Олардың үйлері де, киімдері де, болған жоқ, отты жағуды да білмеді, тамақ

дайындауды да білмеді, нәтижесінде қыста суықтан, аштықтан өлді». Демокрит алғашқы адамдардың өмірі мен еңбегін, олардың қоғамын коллективті қоғам деп тани отыра, бұл кезең барлық адамзат тарихының жолында өтуге тиіс дейді. «Осы алғашқы адамдардың тобырлық қауымын барлық халық өз тарихи басынан өткізеді», - дейді. Осылайша осыдан 2,5 мың жыл бұрын көне демократияның өкілі Демокрит тарихты материалистік тұрғыдан түсінудің қаншалықты жемісті екендігін көрсетті. Қазіргі кезде оның кейбір ойлары дұрыс болмаса да, ол өзінің замандастарынан-оқ бойы озық кетіп, алғашқы қауымдық қоғам туралы біршама дұрыс пікірлер айтты [2, 17 б.].

Көне дәуірдегі тағы бір ірі ойшыл Аристотель (б.э.д. 384-322 ж.ж), ол өзінің философиялық көзқарастарында идеализм мен материализм арасында бөгіліп тұрып қалды. Аристотель адамды ерекше «саяси жануар» деп санады. Ол адамның жануарлардан айырмашылығын, еңбек етуге бейімделген көрмейді, оның ерекше ойлануының дамуынан, қоғамда моральдық және заңдық нормаларға бағынып өмір сүруінен көреді. Аристотель алғашқы рулық қауым мен құлиеленушілік таптық қоғамның арасынан ешқандай айырмашылық көрген жоқ. «Табиғатта мынандай заң бар: біреулерге туғаннан құл болуды жазса, біреулерге билік құруды жазады. Құл болғандар өздерінің тағдырына риза болуы керек, себебі ол пайдалы және әлділ үкім» - дейді Аристотель [2, 18 б.]. Көне дәуірде тек қана адамзат қоғамының дамуын көрсететін материалдар ғана беріліп қойған жоқ, сонымен бірге алғашқы тайпалар туралы үлкен этнографиялық деректер жинақталды. Геродоттың, Ксенофонттың, Страбонның, Цезардың, Тациттың және т.б. еңбектерінен алғашқы қауымдық құрылыс тарихы бойынша туындайтын бірқатар сұрақтарға жауап алуға болады [2, 19 б.].

Жалпы айтсақ оның даму жолы, яғни төменнен жоғарыға көтеріліп, жан-жақты дамуында үлкен қиындықтар болды. Жер бетін бірнеше рет қалың мұз басты. Соның бәрін басынан кешірген адамзат баласы әрине еңбекке де, басқасына да бейімделе бастайды. Олардың осы түрлі нәрсеге бейімделе бастауы ол қоршаған орта мен сыртқы факторлардың әсерінен. Олардың алғаш қолданған құралдар тастан жасалған. Содан соң бірте-бірте дами келе ғана түрлі металлдарды пайдалана бастады. Ежелгі адамдар өзінің күнделікті өмір тіршілігін тасқа қашап суреттеп, із ретінде қалдырды. Олда ғылым үшін, ізденіс үшін үлкен жаңалық болды. Және соның арқасында түрлі жаңалықтарды ашуға мүмкіндік туды. Негізінен адам баласының қалыптасып дамуы жер бетінің, ежелгі дүниенің барлық аймағында пара-пар жүрді. Ал өзіміздің кең байтақ жердегі алғашқы тіршілікке келетін болсақ, Қазақстан жерінде алғашқы адамдар 1 миллион жыл бұрын тіршілік еткен. Оның бірден-бір дәлелдері ежелгі адамдардың пайдаланған еңбек құралдары. «Ежелгі адамдар сонда қандай болған?» деген сұрақ туындайды. Олар ірі маймылдарға ұқсас, яғни қазіргі шимпанзе, гориллаларға, денелерін қалың түк басқан, қолдары аяқтарынан ұзын болған. Сол ұзын қолдары арқылы олар өз икемдеріне келетін нәрселерді жасай алған. Мысалы, жеміс-жидектерді теріп, бағана айта кеткен, тас құралдарды жасап, күнделікті өмірге пайдалана алған.

Адамның шығу тегіне байланысты тарихта 2 түрлі көзқарас бар. Бірінші көзқарас діни түсінік. Яғни адам баласын Құдай жаратты. Алла тағала адам баласының ішінен ең бірінші Адамата мен Хауананы жаратқан. Осылайша адам баласы пайда болған. Екінші көзқарас тарих ғылымымен тығыз байланысты. Осы көзқарас бойыншы тоқталсақ. Адамзат тарихындағы ең ұзақ тарихи кезең - тас дәуірі. Адам баласы алғашында тас құралдарды пайдаланды. Еңбек құралдарын зерттейтін археологтар тас дәуірін үш кезеңге бөлген. Олар - палеолит, мезолит, неолит. Әрқайсына жеке - жеке тоқталып өтсек. Палеолит - тарихта ең ұзаққа созылған кезең. Бұл кезеңде б.з.б 2,6 млн жылдан б.з.б 12 мың жылға созылған. Адамдар еңбек құралдарын жасап, жабайы өсетін дәндерді жинап, аң айлап өздерінің күнін көрген. Яғни рухани даму тұрғысынан өткен. Тас дәуірінде археологтардың зерттеу жұмыстары арқасында көптеген ескерткіштер табылған. Мысалы, Түркістан облысына қарасты Бәйдібек ауданындағы үңгірден 48 мың жыл бұрынғы тіршілік анықталды. Қазақ археологтарының нағыз ғылыми жетістігі болды. Мезолит - орта тас ғасыр. Бұл дәуірдің жаңалықтарының бірі - садақ пен жебенің, микролиттердің пайда болуы. Палеолит пен неолит аралығындағы тас дәуіріне жататын кезең б.з.б. 12-5 мыңжылдықтарды қамтиды. Неолит - 3000 жылдарды қамтитын тас

дәуірінің ең соңғы кезеңі. Жаңа тас ғасырының басты ерекшелігі - өнімді еңбектің пайда болуы [3, 49 б.]. Міне осылай тас дәуірінің кезеңдерін қысқаша түрде түсіндірдік.

Адам тектес маймылдардың күрделі эволюциялық даму процесі, прогрессивтің белгілердің жинақталуы, белгілі жағдайларда кейбір маймылдардың еңбекке көшуі осы эволюциялық процестің арқасы. Олар әрқашан шаруашылық құралдарын дайындап, осының себебінен серпіліс пайда болды, яғни, хайуаннан адамзатқа айналу жүзеге асты. Приматтар отрядында гоминид тобы ерекшеленеді. Бұл адамның бір тармағына ие болады. Оларды бірнеше түрге бөледі. Олар ежелгі гоминидтер немесе архантроптар, ертедегі гоминидтер немесе палеантроптар, қазіргі адамдар [4, 81 б.]. Әлемнің ғалымдары алғашқы адамды «епті адам» деп атайды. Ол осыдан 1 млн 750 мыңдай жыл бұрын өмір сүрген деп болжамдайды. Адамның келесі даму кезеңін ғалымдар «тік жүретін адам» деп атайды. Өкілі - питекантроп. Питекантроптың сүйегі алғаш рет Ява аралынан 1891 жылы табылды. Ол шамамен бұдан 1 млн жыл бұрын өмір сүрген. Адамзат дамуында бұдан кейінгі сатыда синантроп тұрады. Солтүстік Қытайда табылуына байланысты оған «қытай адамы» деген ат берілген. Синантроптар бұдан 500-200 мың жыл бұрын өмір сүрген. Көне адамның тағы бір түрі неандерталь деп аталады. Ол Германияның Неандерталь жерінде табылды. Неандертальдықтар 100-35 мың жыл бұрын өмір сүрген. Неандертальдықтардан кейін, шамамен осыдан 40-35 мың жыл бұрын «саналы адам», яғни қазіргі адамдар қалыптасты [5, 39-40 б.].

Ғалымдардың айтуынша, Сібірге алғашқы адам Еуропадан және Азиядан қоныстанған. Қазақстан аумағына алғашқы адамдар шамамен бұдан бір миллиондай жыл бұрын пайда болды. Бұны Арыстанды өзенінің бойынан және еліміздің оңтүстігіндегі Қаратаудан табылған тастан жасалған еңбек құралдары дәлелдейді. Қазақстан аумағында өмір сүрген алғашқы адам питекантроп замандасы болып табылады. Адамдардың табиғатқа тәуелділігінің азая бастау себебі еңбек құралдарын пайдалануды үйренуі. Ерте заманда адамдар арасында тобыр деген түсінік пайда болды. Нақты тоқталып өтсек. Тобыр - адамдардың алғашқы қоғамдық ұйымы. Осы ұйымда адамдар бірлесіп тамақ іздейді. Яғни аң аулау қолайлы болып табылады. Ертеде аңдардың көпшілігі ірі болып келген. Атап айтсақ мамонт, бизон және т.б. Осындай ірі аңдарды топтасып аулау әлдеқайда тиімді болған. Тобыр жалғыз аң аулау үшін ғана емес, басқа адамдардан қорғану үшін де көмегін тигізген. Тобырдың әлеуметтік құрылымы қарапайым: көсемінен және өзгелерден тұрады. Тұтқиыл тобыр құрамындағы адамдар болжамсыз мінез - құлыққа, эмоцияға бейім, олар көптің ішіндегі өз әрекеттері жайлы ойланып, сарапқа салмайды. Қауым - рулық-туыстық байланыстар негізінде пайда болған әлеуметтік ұйымдастық. Қауым ортақ мүдделер, ортақ құқықтар мен міндеттері біріктірген әрі бірыңғай заңдарға бағынатын адамдардан құралады. Ол рулық, отбасылық, көршілік болып жіктеледі. Ру - өз шығу тегін әкелік не шешелік тізбектен тарататын адамдар тобы. Ерекшелігінің бірі - өз руыны өкілдерімен некеге тыйым салынды. Ру мүшелер бір - біріне барлық жағдайда жәрдемдесіп, өз руласының өлімі мен жарақаты үшін, қанмен кек алуға даяр болатын. Ру шүшелері сол сияқты діни культі арқылы бірігеді. Тайпа - адамзат қоғамындағы этникалық қауымдастық пен әлеуметтік ұйымдардың түрі [6, 24 б.].

Ежелгі адамдар бірте-бірте құралдарды қолдану, жасау арқасында ғана өз күштерін арттырды. Олардың тек жеміс-жидекпен емес, аң аулап, балық аулап қоректенгені бәрімізге белгілі. Сондай-ақ сол кездегі ірі аңдар: мамонт, бизон және т.б. Әрине оларды аулау әлі толық икемге келмеген, қолдарында тек тас құралдары бар адамға өте қиынға соқты. Қоршаған ортаға бейімделу үшін, азық-түлік табу үшін, аң аулау үшін, өздерін қорғау үшін әр түрлі тәсілдер мен технологиялар пайдаланды. Мысалы, арттарынан отпен қуып, биік құздардан құлатты. Сол заманда кездесетін түрлі материалдар арқылы қолдарына түсірді. Ол аңдарды да аулағанда топ-топпен жүрді, өйткені ол жалғыз адамның қолынан келмейтін еді. Солайша бірлесіп ауланған аң тайпа ру ішіндегі адамдарға ортақ болды.

Біз алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін, тамақты қақпан құру арқылы жегенін тәжірибемен, реконструкцияны ұсынып отырмыз. Бұл тәжірибеде біз ең алдымен жер үлгісінде қорапты алдық. Содан соң қорапты екі жерінен тесіп, біріншісіне, ағаш бұталарын

қойдық. Ал екіншісіне, сол кездегі қазылған жердің үстін жапырақтармен жауып, ағаштың бұтағына тамақ ілдік. Яғни сол тамақты жеуге келген жануар, жанағы шұңқырға түседі. Нәтижесінде адамдар қақпанға түскен анды ру/қауым ішінде тендей бөлісіп жейді. Негізінен бұрын ағаштарға ілетін жіп болмағаны бәрімізге белгілі. Сондықтан олар оның орнына сол ауланған аңдардың сiңiрлерiн алып, оған тамақ iлген. Осылайша аң аулау тәсiлi түрлi қақпандар арқасында жүзеге асырылған.

Қорытындылай келе, адамзат баласы бірнеше миллион жылдық тарихында әртүрлі эволюциялық сатылардан өткен болатын. Солайша біз адамзат баласы эволюциялық сатыдан өте келе әртүрлі технологиялық жеістіктерге жеткен болатын. Олар бұрын табиғаттың қажеттілігінен түрлі еңбек құралдарын жасаған болса, бізде қазір заман ағымымен бірге, түрлі технологиялық құралдарды ойлап тауып, даму үстіндеміз. Тәжірибе бойынша қорытынды жасайтын болсақ, ежелгі адамдар осы қақпан арқылы өз азықтарын тауып, күн көрген.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жауымбаев С.У., Жуманова А.З., Муратова М.Б. Алғашқы қоғамдық құрылыс тарихы. - Қарағанды 2020. – 200 б.
2. Жауымбаев С.У., Бейсенбекова Н.А. Алғашқы қауымдық құрылыс тарихы- Қарағанды, 2004. – 176 б.
3. Авдусин Д.А. Основы археологии. - М.,1989. – 335 с.
4. Алексеев В.П. Становление человечества. - М.,1984. – 462 с.
5. История первобытного общества. Общие вопросы.- М., 1983. – 432с.
6. Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы. Оқу құралы.- Алматы, 2006. – 570 б.

СВАДЕБНЫЕ ОБЫЧАИ И ТРАДИЦИИ КАЗАХОВ

Макеев В.С.

КарУ им. академика Е.А. Букетова

Научный руководитель д.и.н., профессор Алимбаев Т.А.
alimbaev45@mail.ru

Современный Казахстан переживает период национального возрождения. Процесс национально-культурного возрождения означает смену культурной парадигмы. Пересмотр прежних концепций, возвращение забытых или запрещенных имен - характерные черты культурной жизни современного Казахстана. Возрастающий интерес к истории своего народа, к своей национальной культуре, к истокам формирования этноса и его эволюции в системе общемировой цивилизации – реалии, характерные для всего постсоветского пространства. Я считаю эту тему актуальной, так как это поможет узнать чуть больше о культуре, обычаях и традициях казахского народа. В данной статье будет более подробно рассказано о свадебных традициях и обычаях казахов. Традиции и обычаи – это душа каждого народа. Они формируются веками. Из поколения в поколение передаются из уст в уста, старейшины учат их чтить, а молодежь с охотой впускает в свою жизнь. Традиции и обычаи Казахстана создавались и бережно хранились на протяжении многих веков. Ранее казахи были кочующим народом, а позже принялись вести оседлый образ жизни, что отразилось на их культуре. С огромным уважением и почтением относятся к мудрости, накопленной за столетия. Они сохраняют ее в современной жизни в своих обрядах. В Казахстане очень серьезно следят за соблюдением старых правил. Люди не забывают о своих предках и корнях. Это невероятно благоприятно влияет на население, способствует сплочению и единству народа. Традиции – это отражение сущности нации, показатель того, чем она живет, о чем думает, во что верит. Казахские устои также не являются исключением из этого определения. Они веками складывались из казахского